

Біліктілік – басты талап

Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі өткізетін «Білім берудегі көшбасшылық» тақырыбындағы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының профессорлық-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру курстары басталды.

Ашылу салтанатында кіріспе сөзді институт ректоры Сейтбек Қуанышбаев алды.

– Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің жүйесін жетілдірудің жаңа кезеңіне аяқ басты. Бүгінгі таңда жоғары оқу орнында білім беру сапасына артылған міндет аса маңызды рөл атқарып тұр. Профессорлық-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру курстары Назарбаев Университетімен тәжірибе алмасу, басқару жүйесін өзгертіп, болашақта институтымызға енгізу мақсатында орындалып жатыр.

Осы білім беру жобасы барысында студенттерге институционалдық тиімділік пен академиялық шеберлікке жету үшін университеттерді трансформация-

лау жағдайында басқару қызметінің негізгі аспектілерін зерттеуге мүмкіндік беріледі.

Стратегиялық және сценарийлік жоспарлау, кадрлармен жұмыс, жобаларды басқару және көшбасшылықты дамыту, ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті функционалды басқару бойынша тиісті білім мен дағдыларды аламыз. Сондай-ақ, Назарбаев Университетінің тәжірибесі негізінде білім беру бағдарламалары мен силлабустарын әзірлеу және бекіту процестерімен танысамыз.

Жаңа жүйені 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап енгізуді жоспарлап отырмыз, – деді Сейтбек Бекенұлы.

М.БЕКЕТҰЛЫ.

Арқалық қаласы.